

Выводы. На основании изучения распространения гиподерматоза крупного рогатого скота и сравнительной оценки антипаразитарных препаратов сделан вывод таким образом:

1. По данным сезонности первые животные с клиническими признаками гиподерматоза появляются уже в феврале месяце, а максимальное их количество приходится на март-апрель.

2. При проведении сравнительной оценки антипаразитарных препаратов, применяемых в профилактике гиподерматоза крупного рогатого скота было установлено, что эффективность препарата ивермек составила 95%, а дисалар – 100%.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Акбаев М.Ш. Паразитология и инвазионные болезни животных / М.Ш. Акбаев. – М. Колос, 2002.

2 Грунин К.Я. Фауна СССР. Насекомые двухкрылые / Грунин К.Я. – М.-Л.: АН СССР, 1962. – Т. XIX. – Вып. 4. – 238 с.

3 Шалменов М.Ш. Гиподерматоз крупного рогатого скота / М.Ш.Шалменов // Жайык ветеринары. – 2015. – 2с.

4 Якубовский М.В. Диагностика, терапия и профилактика болезней животных / М.В. Якубовский, Н.Ф. Карасев. – Минск: Бел. изд. тов-во «Хата», 2001. – 384 с.

ТҮЙН

Зерттеу жүргізу барысында ивермек пен дисалар препараттарының салыстырмалы тиімділігі, сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, «Баян» ШҚ-да ірі қара малының гиподерматозының таралу деңгейі анықталған. Ивермек препаратының тиімділігі – 95 %, дисалар – 100%.

RESUME

Comparative perspective of preparations ivermек and disalar, pathways of hypodermis of cattle farm "Bayan", Zelenovsky district of West Kazakhstan region identified during the researches. The efficiency to ivermек was 95%, disalar - 100%.

УДК 616:614:9:616

К. Ж. Кушалиев, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор

А. Т. Кенесова, А. М. Мирасова, магистранттар

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, қ., Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ БЛЮТАНГ ЖӘНЕ ШМАЛЛЕНБЕРГ БОЙЫНША ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ

Аннотация

Эпизоотологиялық мәліметтер нәтижесі негізінде мониторинг жүргізілді және блютанг және Шмалленберг ауруы бойынша қауіп зоналарына Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары аумағының аудандастырылуына эпизоотологиялық баға берілді. Осы аумақтарда оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін іс-шаралардың кешенді жүйесі құрастырылды.

Түйін сөздер: Шмалленберг, блютанг, мониторинг, аумақтар, статус, вирус.

Кіріспе. Соңғы бірнеше жылдар ішінде Еуропадан, Канададан, АҚШ-тан, Австралиядан әкелінген жануарлардың ішінде вирустық диареяға, жұқпалы ринотрахеитке, блютангке шалдығу жиі тіркеле бастады. 2011 және 2012 жылдары республикада жаңа вирустық инфекция — Шмалленберг және блютанг ауруы анықталған.

2013 жылы ҚР аумағында блютанг, Шмалленберг, жұқпалы ринотрахеит, ірі қара вирустық диареясы мен блютанг секілді экзотикалық ауруларға оң нәтижелер тіркелген жағдайлар болды. Осы жылы ірі қараның ринотрахеиті мен вирустық диареясы бойынша 2 сәтсіз ошақтар ресми түрде тіркелген. Осы аурулардың қоздырушылары негізінен шет елден әкелінген малдармен тасымалданады.

Біздің республикамызға шет елден малды әкелу кезіндегі осы аурулардың ену қаупін жұқпалы аурулар, соның ішінде, аса қауіпті және экзотикалық аурулар құрайды. Осылайша, республикамызда малдардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларының қалыптасу және туындау қаупі тек сақталып қоймай, мал дәрігерлік ғылымы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері қатарында қалуда. Сипатталған эпизоотологиялық ахуал осы аурулардың Қазақстан Республикасы аумағына енуін және таралуын болдырмау, ал олар байқалған жағдайда бірден жедел жою бойынша арнайы шараларды түбегейлі және шұғыл қабылдауды қажет етеді.

Ауылшаруашылығы малдардың жұқпалы аурулары көбінесе Орта Азия мен Европа маңындағы елді мекендерде таралған. Жұқпалы аурулардың ауру қоздырғыштары осы мемлекеттерде таралуға бейім келеді. Бұл ауруларға аусыл, блютанг, Шмалленберг, оба ауруы жатады. Қазіргі кезде Европада кең таралған Шмалленберг ауруы 2-3 жылдың ішінде біздің Қазақстан елімізде де кездесе бастады.

2011-2012 жж Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында осы аурулар қоздырғыштары пайда болды. Асыл тұқымды малдарды шет мемлекеттерден сатып алудың әсерінен сол малдармен қоса осы аурулар жұқтырып әкелінген. Осы мақсатпен Батыс Қазақстан облысында малды сатып алу үдерісінен кейін бұл ауруға шалдыққан малдар табылды. Солардың әсерінен елімізде эпизоотологиялық және эпидемиологиялық тексерістер жүргізіле бастады.

Шмалленберг ауруы – ірі қара, қой және ешкі малдарының эмбрионының өлі немесе жетілмей қалыптасу арқылы жүретін вирустық ауру. Сүтті сиырларда бұл ауру диарея белгілері мен сүт өнімділігінің кенеттен кеміп кетумен сипатталады. Ауруға шалдыққан малдардың төлдерінің буындарында және мойын омыртқасында неше түрлі дефектілер мен ми құрамында іші сұйыққа толы кистоздық бөлімшелер кездеседі. Бұндай ұрпақтар бірден өлі туылып немесе туылған соң өлімге ұшырайды. Төлдердің өлімі табында 20-50 % құрайды.

Блютанг – күйіс қайыратындардың трансмиссивті вирусты ауруы. Аталған ауру дене бұлшық етінің дегенеративті өзгеруімен; ас қорыту жолдарының, әсіресе тілдің, тұсамыс эпителийінің және тұяқ терісінің негізінің некро-қабынуымен сипатталады. Салдарынан буаз жануарлар түсік тастауы немесе ұрпақтардың кемістіктері болуы мүмкін.

Максаты. Батыс Қазақстан облысында және Ақтөбе облысында Шмалленберг және блютанг ауруына қарсы кешенді жүйелер шараларын құру арқылы қолайлы орта қалыптастыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Индеттанулық мониторингілеу және індеттік жағдайды болжамдау жұмыстары індеттанудың негізгі - салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-географиялық, індеттанулық зерттеу амалдарымен іске асырылатын індеттанулық талдау жолымен жүргізілді. Жогарыда көрсетілген ветеринариялық лабораториялардың, аудандық және облыстық аумақтық инспекциялардың айлық, тоқсандық және жылдық есептерінде деректерін анализдеу арқылы атқарылды.

Мәліметтер ресми статистикалық құжаттарынан алынды. Ауруларды мониторингілеу мен болжамдау үшін көпжылдық деректер тіркеу және есеп құжаттарына, аса қауіпті аурулар жөніндегі ХЭБ-ның жылдық есептеріне, аурулардың індет, панзоотия қарқынында байқалғандығы және әртүрлі комиссиялардың есеп, актілеріне жүгіне орындалды. Шаруашылық-экономикалық (мал саны, олардың қораларда жайғасуы, күту жүйесі, басқа шаруашылықтармен байланыстары) және географиялық (жергілікті жердің табиғи-климаттық ерекшеліктері) деректерін тиісті анықтамалар, бюллетендер мен шолу материалдары облыстық әкімшіліктердегі мәліметтерден толықтырылды.

Эпизоотологиялық мониторинг – инфекциялық ауру жөніндегі мшгіметтерді жинақтау, белгілі материалдарды жалпылау мен анализдеу және қорытындыланған деректі қажетті мекемелерге жеткізу болып табылады. Сондықтан эпизоотологиялық мониторингтің негізгі мақсаты – басқару шешімдерін шығаруда шынайы деректерге сүйену арқылы орындау. Ап осының нәтижесінде берілетін болжам індетке қарсы шаралардың жүргізілу мерзіміне,

реттігіне, материалдық ресурстарына катысты болады.

Зерттеу нәтижелері. Мониторингтік зерттеулер індеттік жағдай жөніндегі деректердің, жүргізетін сактық шаралардың тиімділігінің шынайылығын көрсетеді және осының нәтижесінде ауруды аудандастыру арқылы оның енетін бағыптарын айқындауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде аса қауіпті аурулар бойынша қысқа және ұзақ мерзімді болжам беруге мүмкіндік туғызады.

Қорыта келгенде, нақтылы территориядағы аса қауіпті аурулардың індеттік жағдайын мониторингілеу арқылы бағалау және осының негізінде сактық шараларды өндіріске енгізу өзекті жұмыс болып табылады.

Лабораториялық негізде зерттеулер бойынша вирусологиялық және серологиялық зерттеулер арқылы Шмалленберг ауруын жұқтырған және бұл ауруға күдікті келген ауылшаруашылық малдарынан жиналған биологиялық материалдарды (ми, сілекей, қан, лимфалық түйіндер, көк бауыр т.б.) қолдану нәтижесінде анықтама алынды. Патологиялық материалдан антибиотиктер мен Хэнкс зарасыз ерітінді арқылы суспензия дайындалып, алынған суспензия мен сарсуы центрифуганың көмегімен механикалық қоспалардан градиенттік тазалауға жіберіледі. Зерттелетін сынақтан қажетті жағдайда стерилизациялайтын мембраналы сүзгілер арқылы стерилизацияланады. Вирусты бөлу торшалар культурасында және лабораториялық малдарда жүргізіледі. Вирустың айқындалуы цитопатогендік әсер бойынша торша культураларында және лабораториялық мал организмінің патологиясында байқалады. Белгіленген вирустың идентификациясы торша культураларында немесе қабылдағыш лабораториялық жануарларда серологиялық реакция мен биологиялық бейтараптандыру арқылы жүргізіледі. Вакцинадан кейінгі қарсы денелер бейтараптандыру реакциясы арқылы немесе импорттық өндіріске лайықты диагностикалық құралдар қолдану арқылы ИФТ әдісімен анықталады. Зонааралық облыстар аумақтарын аудандастыруы географиялық орынның мәліметі негізінде, және шаруашылықтық субъекттер және халық тұрғындылығы шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік байланыстары белгіленеді.

Орындалғын жұмыстар:

1. Батыс Қазақстан және Ақтөбе облысындағы ауылшаруашылық малдарының Шмалленберг және блютанг қоздырғышының айналымының статистикалық мәліметтердің ветеринарлық есебі, және аудандық ветеринарлық зертхана негізінде эпизоотологиялық мониторинг толықтай жүргізілді.

2. Шмалленберг және блютанг қоздырғышының пайда болуына және таралуына әсер ететін факторларды, соның ішінде антропогендік және табиғи факторларды анықталды.

3. Батыс Қазақстан және Ақтөбе облысындағы Шмалленберг пен блютанг ауру қоздырғышына тәуекел болып келетін аймақтарды аудандастырылды.

4. Эпизоотологиялық, серологиялық мониторинг арқылы шет елдерден ірі қараның жоспарлы әкелімі негізінде Шмалленберг және блютанг ауруына эпизоотологиялық баға берілді.

Блютанг және Шмалленберг ауруларының мониторингісі үшін аурудың эпизоотологиялық таралуы жөніндегі деректер, вирусологиялық және серологиялық зерттеулер нәтижелері пайдаланылды. Зерттеу объектісі ретінде Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының шаруашылықтану субъектілерінің жануарлары пайдаланылды.

Жұмыс процесі кезінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ветеринария бөлімінің, облыстық және аудандық аумақтық инспекцияларының ақпараттары және статистикалық шолулары, ҚР АШМ, аудандық ветеринарлық зертханалар филиалдарың, тұтынушылар құқықтарын қорғау бойынша облыстық департаменттердің есеп-қисаптары материалдарының анализі жолымен ауыл шаруашылығы жануарларының блютанг және Шмалленберг аурулары бойынша эпизоотологиялық ахуалы зерттелді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ауыл шаруашылығы жануарлары арасында блютанг және Шмалленберг ауруы бойынша эпизоотиялық жағдай анықталды, ауру пайда болуының қауіп деңгейі бойынша аумақтар аудандалды, таралу циркуляциясы және географиясы туралы мәліметтер алынды. Жасалымның тиімділігі облыс аумақтарында жоғарыда көрсетілген аурулардың эпизоотиялық жағдайының мониторингісі бойынша кешендік шаралардың қолданылуында және осы аурулардың ауыл шаруашылық жануарлары арасында туындау және таралу қауіпін бағалаудың негізгі критерийлерінің анықталуында.

Қазіргі уақытта блютанг, Шмалленберг аурулары мал шаруашылығы дамыған барлық континенттерде тіркелген және әлемнің көптеген елдерінің мал шаруашылығына зор экономикалық залалын тигізуде. [Savini G. et al., 2004., Meiswinkel R. et al., 2008., Papadopoulos O. et al., 2008].

Инвесторлар үшін бизнесті жаңа аумақта оның қансорғыш жәндіктер мен берілетін аурулар бойынша статусын білмей бастау үлкен қателік болып табылады. Мұндай ауруларға тек үй жануарлары емес, сондай-ақ жабайы жануарлар да сезімтал келеді. Блютангқа бұғыларды қосқанда барлық күйіс қайыратын жануарлар шалдығады, ал табиғатта ауру мен күресушараларын ұйымдастыру өте қиын.

Блютанг вирусы, көбінесе, өзін клиникалық түрде көрсетпейді, мұның барлығы экономикалық қатерді көрсетеді және мал шаруашылығы үшін айтарлықтай қауіпті, осы айтылғандар Шмалленберг вирусына да қатысты [1].

Бұл түсік, өлі туу және түрлі даму кінәраттарымен туылатын төлдермен сипатталатын мүйізді ірі қараның арбовирусты ауруы. Қоздырғышты Culicoides қансорғыш жәндіктер жұқтырады. Оған тек жабайы жануарлар сезімтал келеді елік, кербұғы, альпак, қабан, муфлон, бизон. Вирустың жәндік жұқтырғыштары Евразияның барлық аумағында таралған, алайда, ресми деректер бойынша, Еуропада Шмалленберг ауруы жаппай кездеседі (Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Польша, Швейцария, Швеция, Финляндия, Франция), оны Ресейдің жекелеген аймақтарында тіркеуде. Зерттеу жүргізуде техникалық мәселелер жоқ, диагностика әдістері жеткілікті, бұл ИФА және ПЦР тесттері.

Еуропа елдерінде кең таралған блютанг, Шмалленберг ауруларының жаңа нозоформалары соңғы 2-3 жылда біздің елімізде де тіркеле бастады [2, 3]. Негізгі себеп Еуропа елдерінен асыл тұқымды жануарлар импорты. Көрсетілген аурулар 2011-2012жж. Ақмола, Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді, кейін бұл аурулардың Қазақстан Республикасы аумағында таралу географиясының кеңею тенденциясы сақталуда, өйткені елдің түрлі аймақтарына әл-ауқаты нашар елдерден мал басының импорттық жеткізілуі жүруде. Қазақстанның Батыс аймағы да тыс қалмайды, мұнда да асыл тұқымды жануарлардың қарқынды импорты жүруде.

Блютанг және Шмалленберг ауруы бойынша бірқатар Еуропа елдерінің қолайсыз болуына және осы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына малдардың жоспарлы жеткізіліміне байланысты біздің республика аумағына көрсетілген екі қауіпті вирустық аурулардың енуінің нақты қауіп уындады.[4]

Мұндай қауіптің барын кейін әр басты өртеу арқылы жоюға мәжбүр еткен Шмалленберг ауруы бойынша серооң жануарларды біздің республикамызға импорттау оқиғасы дәлел болды.

Блютанг қоздырғышы мен зерттеу жұмысы республиканың ғылыми-зерттеу институттарының бірінде басталды, ал Шмалленберг ауруы вирусы зерттеу жұмыстары үшін қолжетімсіз. Осы кезеңгедейін Қазақстан Республикасы жануарлары арасында блютанг және Шмалленберг ауруы бойынша эпизоотиялық жағдайдың дәйекті мониторингісі жүргізілмеді, және осыған байланысты осы аурулармен күрес және профилактика [5] бойынша ғылыми негіздемеленген ұлттық стратегия және шаралар жоқ.

Бізбен келесі міндеттер қойылды: Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары аумағындағы ауылшаруашылығы жануарларының блютанг және Шмалленберг аурулары қоздырғыштарының циркуляциясына қатысты ветеринарлы кесеп-қисаптың статистикалық мәліметтері, РВЛ және ВҰРО орындалған серологиялық мониторинг, сондай-ақ өзіндік зерттеулер нәтижелері негізіндегі эпизоотологиялық мониторингісі.

Эпизоотологиялық және серологиялық мониторинг нәтижелері, сонымен қатар шетелдерден мал жеткізілімі жоспары негізінде екі аумақты блютанг және Шмалленберг ауруы бойынша қауіп зоналарына аудандау және эпизоотологиялық бағалау. Жануарлар арасынд ааурулардың пайда болуына және таралуына себепші табиғи факторлар. Келтірілген аурулардың жануарларар асында пайда болу сәтінде ауру қоздырғыштарын анықтау және идентификациялау мақсаты мен вирусологиялық және серологиялық зерттеулер жүргізу. Ретроспективті және оперативті эпизоотологиялық мониторинг жүргізу жолымен ауылшаруашылық жануарларының өте қауіпті инфекциялық аурулардың: трансшекаралық

инфекциялық аурулар туындауының және таралуының кейбір аспектілері зерттелген.

Көрсетілген нозоформалардың Қазақстан Республикасы аумағында туындауының эпизоотологиялық мүмкіндігі негізінен алыс шетелден асылтұқымды жануарларды импорттау мен байланысты.

1 кестеге сәйкес Батыс Қазақстан облысында соңғы 2 жылда негізінен етті бағыттағы мүйізді ірі қара импортталады, басым көпшілік жағдайда Ресей Федерациясының шекаралық аудандарынан. 2013 жылы Орынбор облысының асылдандыру шаруашылықтарынан 327 бас қазақы ақ бас тұқымы әкелінген (Шыңғырлау ауданының «Талап» ШҚ – 120 бас; Сырым ауданының «Талап» ШҚ – 7 бас; Ақжайық ауданының «Аманер» ШҚ – 100 бас; Қаратөбе ауданының «Сатыбалды» ШҚ – 100 бас), Таскала ауданының «Болашақ» ШҚ-на Челябин облысынан 116 бас геррефорд тұқымды жануарлары әкелінді.

1 кесте – Батыс Қазақстан облысына 2012-2013 жж. әкелінген асыл тұқымды ірі қара мал импорты

№	Шаруа қожалықтары	Аудан	Тұқым	Әкелінген мал басы	Әкелінген мемлекет	Әкелінген жылы
1.	«Талап»	Шыңғырлау	Қазақтың ақбасы	327	Ресей Федерациясы, Орынбор	2013
2.	«Талап»	Сырым	Қазақтың ақбасы	7	Ресей Федерациясы, Орынбор	2012
3.	«Аманер»	Ақжайық	Қазақтың ақбасы	100	Ресей Федерациясы, Орынбор	2013
4.	«Сатыбалды»	Қаратөбе	Қазақтың ақбасы	100	Ресей Федерациясы, Орынбор	2012
5.	«Болашақ»	Таскала	Геррефорд	116	Ресей Федерациясы, Челябин	2013
6.	«Муса»	Жаңақала	Геррефорд	127	АҚШ, Монтана штаты	2013

Алыс шетелден (АҚШ, Монтана штаты) Жаңғала ауданының «Мұса» ШҚ-на геррефорд тұқымды 127 бас мүйізді ірі қара әкелінді.

Профилактикалық карантин кезінде барлық импортталған мал басы бруцеллез, хламидиоз, лейкоз, паратуберкулез, вирусты диареяға, инфекциялық ринотрахеитке тексерілді және теріс нәтиже алынды. Жануарлар бейімделгіштік және акклиматизациялық процесстерден сәтті өтті, осы кезге дейін қандай да болмасын ауытқушылық кездеспеді.

2012-2014 жж. диагностикалық мониторингте блютанг бойынша асылдандыру мақсатында әкелінген мүйізді ірі қара қан сарысуының 257 сынамасы зерттелді. Барлық сынамалардан теріс нәтиже алынды. Ақтөбе облысында асыл тұқымды мал импортының көрсеткіштері кішкене жоғары және мұнда етті, сондай-ақ сүтті бағыттағы мал әкелінеді.

Импорт географиясында алыс шетелдің асыл тұқымды жануарлары басымырақ, бұл трансшекаралық аурулардың туындауының эпизоотологиялық тәуекелін арттырады.

2011, 2013 жж. Германия, Венгрия және АҚШ-тан голштинофриз тұқымды 1526 бас және РФ-нан қызыл дала және симментал тұқымды 254 бас әкелінді. Жануарлардың диагностикалық зерттеулері теріс болды. 2012 ж. Алға ауданының «Актеп» ЖШС «Ангус» тұқымды 1742 бас мүйізді ірі қара әкелінді, блютангқа диагностикалық зерттеу кезінде 46 бастан (2,6%) оң реакция алынды 2 кестеге сәйкес асыл тұқымды мүйізді ірі қараларға диагностикалық зерттеулер жүргізу және эпизоотологиялық, серологиялық мониторинг, сонымен қатар шетелдерден Ақтөбе облысына мал жеткізу жоспарлары негізінде ауруларға диагностикалық зерттеулер: блютанг және Шмалленберг ауруларына

Ақтөбе облысы асыл тұқымды мүйізді ірі қара ұшырады:

1) Танаберген с/о Мартук ауданы, 858 бас Германиядан және 198 бас Венгриядан әкелінген голштино-фриз асыл тұқымды мүйізді ірі қара., әкелінген ай 16.08-20.09. 2011 жыл.

2) «Болат» ЖШС ЛТД Ақтөбе қ. Ресейден әкелінген қызыл-далалық асыл тұқымды мүйізді ірі қара әкелінген ай 10.08.2011 ж. саны -147 бас.

3) Реймкул ҰШ Алға ауданы, асыл тұқымды мүйізді ірі қара Ресейден 2 – герефорд, 105 – симментал – 107 бас, әкелінген айы 30.10. 2011ж.

4) «Анди» ЖШС Ақтөбе қ. АҚШ-тың «Айдахо» штатынан әкелінген голштинофриз асыл тұқымды мүйізді ірі қара, әкелінген мал 2013ж, саные – 470 бас.

5) «Актеп» ЖШС Алға ауданы, АҚШ-тың «Монтана» штатынан әкелінген ангус асыл тұқымды мүйізді ірі қара, әкелінген мал 2013ж, саны – 1742 бас, блютангқа (ИФА) – 46бас реакция берді, ВҰРО-на ИФА (ПТР) 46 бас жіберілді было отправлено в НРЦВ ИФА – 46 бас.

2 кесте – Ақтөбе облысына алыс шетелден асыл тұқымды мал импорты

№	Ауыл шаруа қожалығы	Аудан	Тұқым	Әкелінген ел, ай	Әкелінген ай	Барлығы әкелінді, бас	Блутангқа зерттелді	ИФА реакциясы нәтижесі
1.	Танаберген с/о	Мартук	голштинофриз	Германия	16.08-2011	858	858	-
2.	Танаберген с/о	Мартук	голштинофриз	Венгрия	20.09.2011	198	198	-
3.	"Болат ЖШС ЛТД	Ақтөбе қаласы	Қызыл-далалық	Ресей	10.08.2011	147	-	-
4.	Реймкул ҰШ	Алға	геррефорд	Ресей	30.10.2011	107	-	-
5.	Анда ЖШС	Ақтөбе	голштинфриз	Америка	2013	470	470	-
6.	"Актеп" ЖШС	Алға	Ангус	Америка Штат Монтана	2012	1742	1742	46

Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары аумағында алғаш рет блютанг және Шмалленберг ауруларының эпизоотиялық жағдайы мониторингісі және осы аурулардың ауылшаруашылығы жануарлары арасында пайда болу және таралу қаупін бағалаудың негізгі критериилерін анықтау бойынша кешендік шараларды қолдануында.

Көрсетілген мақсатқа жету эпизоотологиялық мониторинг алгоритмін анықтауға және эпизоотияға қарсы іс-шараларды оңтайландыруға, оларды өткізуге кететін шығындарды азайтуға, көрсетілген ауруларды республика аумағында пайда болуын және таралуын профилактикалауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Вялых И.В. Выделение вируса блютанга и Шмалленберга от импортированного крупного рогатого скота / И.В. Вялых, Г.П. Фёдоров, В.В. Куриннов, М.Б. Новикова // Ветеринария. – 2010. – № 8. – С. 23-26.

2 Фёдоров Г.П. Эффективность методов выделения вируса блютанга / Г.П. Фёдоров, И.В. Ногина, В.В. Куриннов, М.Б. Новикова // Ветеринария. – 2010. – № 10. – С. 58-59.

3 Панферова А.В. Продолжительность вiremии и выявления генома вируса блютанга и Шмалленберга при экспериментальном заражении овцы / А.В. Панферова // Актуальные проблемы инфекционной патологии ветеринарной медицины: материалы конференции молодых ученых/ ГНУ ВНИИВВ и М. Россельх озакадемии. – Покров, 2009. – С. 87-90.

4 Куриннов В.В. Сравнение методов выделения вируса блютанга и Шмалленберга / В.В. Куриннов, М.Б. Новикова // Современные проблемы диагностики, лечения и профилактики болезней животных и птиц: сборник научных трудов ведущих ученых России и Зарубежья. Вып. 3. - Уральское издательство. – Екатеринбург. – 2010. – С. 102-106,

5 Балашова Е.А. Чувствительность и специфичность основных серологических методов диагностики блютанга / Е.А. Балашова, И.В. Ногина, М.В. Сидлик // Задачи ветеринарной науки в реализации доктрины продовольственной безопасности Российской Федерации. – Покров: ГНУ ВНИИВ В и М. Россельхозакадемии, 2011. – С. 143-145.

РЕЗЮМЕ

На основании результатов эпизоотологических данных был проведен мониторинг и дана эпизоотологическая оценка районирования территории Западно-Казахстанской и Актюбинской областей на зоны риска по блютангу и болезни Шмалленберга. Разработана комплексная система мер для обеспечения благополучия на этих территориях.

RESUME

The epidemiological assessment of West Kazakhstan and Aktobe regions in the areas of risk and bluetongue disease Schmallenberg were monitored and given based on the results of epizootic data. A comprehensive system of measures to ensure the well-being of these areas was developed.

УДК:137 600 37.5.04/07.:636.39

Р. Б. Нурмуханов, магистрант

Б. Е. Нургалиев, кандидат ветеринарных наук, и.о. доцента

И. М. Абирова, кандидат ветеринарных наук, старший преподаватель

Западно-Казахстанской аграрно-технический университет им. Жангир хана г. Уральск, РК

ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНАЯ ЭКСПЕРТИЗА УБОЙНЫХ ТУШ КОЗ ПРИ ЭХИНОКОККОЗЕ В ХОЗЯЙСТВАХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В результате исследований 12 туш коз, эхинококкоз был отмечен у 5 убойных туш. Эхинококковые пузыри обнаруживали в печени и легких.

Ключевые слова: эхинококкоз, цестодозы, ветеринарно-санитарная экспертиза.

Эхинококкоз – гельминтозооантропоноз, протекающий обычно бессимптомно у всех видов сельскохозяйственных животных (овец, коз, крупного рогатого скота, свиней, верблюдов, оленей, лошадей) и других млекопитающих, включая человека, являющихся промежуточными хозяевами паразита [1].

Гельминтозы в Казахстане имеют свои эпизоотологические и эпидемиологические особенности, обусловленные специфическими природно-климатическими и социально-экономическими условиями. Вся территория республики является благоприятной для массового распространения разных видов гельминтов, а люди подвержены высокому риску заражения основными зоонозами, такими как эхинококкоз, токсокароз, цистицеркозы, описторхоз, фасциолез. Алматинская, Жамбылская, Южно-Казахстанская, Павлодарская и Западно-Казахстанская области, а по отдельным инвазиям и Акмолинская область – гиперэндемичные регионы по гельминтозоонозам. В этих регионах широко распространены эхинококкоз и цистицеркоз тениюкольный [2].

Особенно сложная эпидемическая ситуация по эхинококкозу сохраняется в южных и западных регионах республики, где в хирургических стационарах ежегодно оперируется свыше 400 человек, что составляет 70% от всех зарегистрированных случаев эхинококкоза в республике. Высокий уровень зараженности животных и заболеваемости людей отмечен в Алматинской, Жамбылской, Южно-Казахстанской и Западно-Казахстанской областях, где показатель заболеваемости людей достигает 2,4-6,0 на 100 тысяч населения, а зараженности животных 58,5% - 60,1%. Цистицеркоз тениюкольный распространен во всех регионах Казахстана среди овец и коз. В среднем зараженность овец достигает 28%.

На юге и юго-востоке Казахстана заболевание регистрируются во все сезоны года с двумя наибольшими подъемами инвазии – в марте и августе [3].

Таким образом, отдельные зоны нашей страны резко отличаются друг от друга по природно-климатическим условиям, ведению животноводства и распространению гельминтов.